

*«Вожатское сердце Сибири - 2013» атты 6-шы халықаралық байқау*

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылар арасында тәжірибе алмасу мақсатында 2013 жылғы 1-4 қарашада Ресейдегі Новосибирск қаласында «Вожатское сердце Сибири - 2013» атты 6-шы Халықаралық байқау аясындағы «Мезгілдік балалар ұжымының дамуы және қалыптасу технологиялары» тақырыбындағы балалар лагеріндегі әдіскерлер мен тәлімгерлердің оқыту-жаттығу курсына Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әдіскері С. Салбенбекованы жолдады.

Курс тақырыбы балалардың сауықтыру лагерьлеріндегі мезгілдік балалар ұжымының ең өзекті мәселелеріне арналған:

- Балалар ұжымында қарым-қатынасты қалыптастырудағы анимациялық технологиялардың мүмкіндіктері.
- Балалар ұжымында баланың көңіл-күйінің психологиялық-педагогикалық диагностикасы.
- Мезгілдік балалар ұжымындағы өзін-өзі басқару.
- Тәлімгердің шығармашылық белсенділігін белсендіру әдістемесі ретінде ШОДТ (шығармашылық ойды дамыту теориясы)
- Бірлескен қызметтің аспабы ретінде event- технология және уақиғалы педагогика.
- Мезгілдік балалар ұжымының тәжірибесі және психологиялық-педагогикалық негіздер теориясы.
- Балалар ұжымында топты құру және топты құру технологиялары.
- Коммуникативтік ойындар.
- Заманауи лагерьде заманауи тәлімгер.
- Конфликтология бойынша практикум.

Халықаралық курстың жұмысына «Магистр» (Новосибирск қаласы) Балалар және жастар демалыс орталығымен бірге Сібірдің әртүрлі өңірлерінен, Ресей және Қазақстан қалаларынан келген әдіскерлер, тәлімгерлер қатысты (Новосибирск, Ижевск, Бийск, Саратов, Барнауыл, Санкт-Петербург, Омбы, Белово, Челябинск, Хабаровск, Чита, Новокузнецк, Астана, Ақмола облысы, Томск, Ленинск-Кузнецкий, Пермь, Снежинск).

Халықаралық курстың бағдарлама аясында балалардың сауықтыру лагерьлеріндегі балалар демалысының мәселелері бойынша әдістемелік көрме ұйымдастырылды.

Курста Ресейдің жоғарғы тәлімгер мектебінің мамандары дәріс оқыды.

Халықаралық курстың соңында барлық қатысушыларға алғыс хаттар мен сертификаттар тапсырылды.